



№8 (8160)
27 ақпан
БЕЙСЕНБІ,
2025 ЖЫЛ



Кен Жыллой

Газет 1933 жылы 4 қазаннан шыға бастады

Жылыой аудандық қоғамдық-саяси газеті



www.facebook.com/kenzhylol
ken_jyloi_gazeti

* Құттықтау



ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!

Баршамызды Алыс айту күнімен шын жүректен құттықтаймын!
Бүгінгі күні біз бір-бірімізге шынайы алысымызды білдіріп, бірлігімізді, табиғатымыздың, іргеміздің мықтылығын тағы бір мәрте айта отырамыз. Бұл – жүрегімізде бір-бірімізге деген сүйіспеншілік, түсіністік, құрмет сезімдерін оятамын ерекше күн.

Алыс айту – ол тек сөз ғана емес, ол біздің іс-әрекетімізде көрініс тауып, айналаға жылылық, жақсылық таратуымызға мүмкіндік береді. Біз барлығымыз осы күннің арқасында өз-өзімізге, өз отбасымызға, достарымыз бен әріптестерімізге шынайы алысымызды айтып, бізді қолдаған әрбір жанға рақметімізді білдіріп, болашаққа деген үміт пен сеніммен қадам басамыз.

Жылыой ауданының тұрғындары әрқашан бірлікте өмір сүріп, бір-біріне көмек қолын соза білген. Сіздер – біздің ауданымыздың дамуы мен гүлденуіне елеулі үлес қосып жүрген жанашыр жансыздар. Алыс айту күні әрқайсыңызға ырыс-береке білдіріп, еңбектеріңізге құрмет көрсетеміз.

Қадірлі жерлестер!

Қазақстан халқы мәңгілікке біріктіруге бағытталған, еліміздегі барлық ұлт пен ұлыстың бір шаңырақ астына топтастыратын бүгінгі мереке құтты болсын!

Еліміздің біртұтастығы мен бірлігі нығая берсін!

Баршамызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға қуаныш, бақыт тілеймін!

Жұмабек ҚАРАЖАНОВ,
аудан әкімі

* Тазалық

«Ақша қарды омбылап...»

Ақпанның аяғында қытымыр қыс күшіне мініп, «кәрі құдаға» Атөн мінез көрсетті. Алдымен, бұйдалаған ақ ұлпа ақша қарымен жер бетін көмкеріп тастады да, бірде жаңбырлатып барып, қайта суытып, арты бұрқасынға ұласты. Ауа райы суытса да, жылыойлықтардың көңіліне көлегейлеп түскен күн сәулесі жылылық сыйлады. Толассыз жауған қар қала көшелері мен дала жолдарын көміп тастаса да, тиісті мекемелер күні-түні жұмыс жасап, қар тазалау жұмыстарына шұғыл кірісіп кетті.

Иә, өткен аптадан бергі бірнеше күн қатарынан жауған қалың қар тазалық мекемелерін әбден әбігерге салды. Синоптиктердің болжауынша, алға қарай әлі де аудан көшелерін ақ мамық қар басады. Тазалық жұмыстары қала мен ауылдық округтердің барлығында қызу жүруде. Аудандық әкімдіктің ресми мәліметтеріне сүйенсек, 30-ға жуық техника мен 70-ге тарта адам жұмылдырылған. Одан бөлек аудандағы жекеменшік компаниялар да арнайы техникаларын бөліп, қар тазалау жұмыстарына ерекше қарқын берді.

Осындай қолайсыз ауа райында күні-түні қызмет атқарып жүрген

тазалықшыларға қаланың жас кәсіпкерлері мен ерікті жастары жылы шай мен бәліш ұсынды. Мейірімге толы жылыойлықтар кеңпейіл әрі бірлікшіл екендігін тағы бір дәлелдеді. Қайырымдылық шарасын ұйымдастырушының бірі - аудандық Жастар ресурстық орталығы басшысының міндетін атқарушы Дана Баймағамбетова:

- Біз үшін күнде де, түнде де көше қарын тазалап, еселі еңбек етіп жүрген аға-апаларымыздың жұмысы мақтауға лайық. Осындай қолайсыз ауа райында тым болмаса жылы шай мен бәліш беріп қолдағанды жөн көрдік. Қоғам



болып бірігіп, жанымыздағы жанға жылулық сыйлай білсек, барлық қиындықтарды еңсеруге болады, - деді өз сөзінде.

Соңғы мәліметтерге сәйкес қаланың өзінен 3600 текше метр көлемінде қар шығарылған. Бұл деректер күнде өсіп жатыр. Өйткені қар тазалау жұмыстары бір сәтке де тоқтамай, өз жалғасын табу үстінде.

Десек те, ақпанның ақтүтегі мен қары қала мен ауыл тұрғындарына көтеріңкі көңіл-күй сыйлағанын да айта кеткен жөн. Қазір көшелерде сырғанақ теуіп, бір-біріне қар лақтырысып, ойнап жүрген балалар мен жастарды жиі көруге болады. Қыстың соңғы ақпан айындағы аптақ ұлпаға оранған көңілді көріністерді жылыойлықтардың әлеуметтік парақшаларынан да байқаймыз.

Е.АЛТАЙҰЛЫ



* Сессия

«Көрпеге қарай көсілетін кез келді»

- «Қазгидромет» ақпаратына сүйенсек, аудан орташа төуекелді аймақтар қатарына өніп тұр. Бұл дегеніміз қауіп бар екендігін растайды. Көктем жақын. Арқаны кеңге салуға болмайды. Өздеріңіз білесіздер, қала сыртында түп тереңдету мен бөгет тұрғызу жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Мен бұл тұста бөгетті 3-ші мәрте биіктетуді ұсынып отырмын, - деді аудандық мәслихаттың кезектен тыс XXVII сессиясында сөз сөйлеген аудан әкімінің міндетін атқарушы Нұрболат Сарманов.



Нұрболат Әлібекұлы өңірде тасқынның алдын алу жұмыстары қатаң қадағалану үстінде екенін баса айтты. Депутаттарды төтенше жағдайдың алдын алу мақсатында атқарылып жатқан жұмыстармен қысқаша таныстырып өткен ол халық қалаулыларының сауалдарына да жауап қатты.

Өрине, аудандық әкімдіктің мәжіліс залында өткен аудандық мәслихаттың кезектен тыс XXVII сессиясында бұдан да басқа мәселе қаралды. Оған аудан әкімінің міндетін атқарушы Н.Сарманов, аудандық мәслихат төрағасы Қанат Мыңбаев, дербес бөлім басшылары мен БАҚ өкілдері қатысты. Күн тәртібіне мәслихаттың 2024 жылғы №25-1 шешіміне өзгеріс енгізу мәселесі қойылды.

Соған байланысты аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы

Жанар Дүсіпова хабарлама жасады:

- Аудандық тұрғын үй, коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөліміне қаладағы көп қабатты тұрғын үйлердің қасбеті мен шатырына күрделі жөндеу жұмыстарын жалғастыруға, кәріз айдау станциясына күрделі жөндеу жұмыстарын аяқтауға, ауылдық округтердің электр желілері мен көше жарықтарын жаңарту үшін қаражат бөлінгелі отыр. Сол секілді аудандық жолаушылар көлігі және автомобильдер жолдары бөліміне округтердегі автомобиль жолдарын қайта жаңартуға, «Атырау» ықпал ауданындағы көп қабатты үйлердің кірме жолдарын аяқтау үшін, су тасқынынан зардап шеккен көпшілікті қайта қалпына келтіру жұмыстарына да қаражат бөлу жо-

спарда бар. Аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің жер кадастрлық құжаттарын дайындау жұмыстарына, өңірдегі газ құбырлары мен құрылысына техникалық қызмет көрсетуге де қаражат қарастырамыз. Бұл атқарылатын жұмыс көп. Сәйкесінше қаражат та тиісті орынға жұмсалды, - деді.

Бұдан басқа халық қалаулыларын өзге де бөлімдерге тиесілі қаражат хақында хабардар етті. Бұл тұста мәселеге байланысты ой өрбіткен депутаттар мінберге шығып сөз сөйлеп, бюджет шеңберінде ұсыныс-пікірлерін жеткізді. Оның ішінде депутат Бекет Құлбаев:

- Жанар Амангелдіқызы көптеген мәселелерді қозғады. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, көрпеге қарай көсілетін кез келді. Расымен де, бюджетті сәл де болса үнемдеуді өзімізден бастауымыз керек деп есептеймін. Сол үшін бөлім басшысы айтқандай, көлік қажет ететін бөлімдерге арзан маркалы автокөліктерді қарастыруды ұсынғым келеді. Одан бөлек келесі сессиядағы баяндамаларды презентация арқылы көрсетсеңдер әлдеқайда түсінікті әрі жеңіл болар еді. Ауданның дамуы үшін бірігіп жұмыс жасап жатырмыз. Бюджет қаржысын онды-солды жұмсамай, ең маңызды деген істерді шешуге бөлсек, нұр үстіне нұр болар еді, - деді.

Сессияның күн тәртібінен бөлек өзге де мәселелер сөз болды. Әсіресе, халық қалаулыларының шалған қонырауына жауап бермей, жұмыс уақытында орнынан табылмайтын бөлім басшылары да сын садағына ілікті. Оларға тиісті ескерту берілді.

Д.ІЗБАСАРҚЫЗЫ

КҮН ТӘРТІБІНДЕ: ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ САН ҚИЛЫ ТАҒДЫРЫ

Бүгінгі сәтте: **3**

А0; А1; А2; А3; А4 форматта басы

АқпаратPrint

8 702 132 03 32
8 778 891 57 72

Атамбаев к-сі, 7

ПОЛИГРАФИЯ

- * КІТАП
- * ЖУРНАЛ
- * ВИЗИТКА
- * ФИРМАЛЫҚ БЛАНК
- * САЙЛАУ БЮЛЛЕТЕНІ
- * ШАҚЫРУ
- * ФЛАЕР
- * АФИША
- * ҚАТТЫ және ПРУЖИНДІ ТҮПТЕУ
- * СЕРТИФИКАТ, ДИПЛОМ
- * АДРЕСАТ
- * МАҚТАУ ҚАҒАЗЫ
- * АЛҒЫС ХАТ
- * ҚОЙЫН ДӘПТЕР
- * КҮНТІЗБЕ
- * АС МӘЗІРІ

СУБЛИМАЦИЯ әдісімен сурет басу

- * шыныаяққа;
- * матаға;
- * жейдеге;
- * бас киімге
- * қағаз сөмкелер;
- * жапсырмалар;
- * кәмпіт қорапшалары

СЫРТҚЫ ЖАРНАМА

- * БАННЕР
- * МАҢДАЙШАЛАР
- * ОРАКАЛ
- * АНШЛАГ
- * X БАННЕР
- * ҮЛКЕН ФОРМАТТЫ ЖОБАЛАР БАСУ